

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 20 қаңтарда № 9724 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 31.05.2021 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 01-20/432 ұсынысы негізінде Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі Қараменді ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты:

Қараменді ауылы мына мекенжайлар бойынша: Уәлиханов көшесі, 10 үй, 1 пәтер, М.Сүгір ұлы көшесі, 2В үй, Уәлиханов көшесі, 7 үй, 1 пәтер, Уәлиханов көшесі, 10 үй, 2 пәтер, Автомобилистер көшесі, 23 үй, 1 пәтер, Амангелді көшесі, 61 үй, Амангелді көшесі, 60 үй, Победы көшесі, 22 үй, 1 пәтер шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Қостанай облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Науырзым аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық

қолайлы жағдайға қол жеткізуге арналған қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қараменді ауылдық округінің әкімі

С. Байдильдинов